

БІЛІМДЕ ШЕКАРА ЖОҚ

28 қараша мен 10 желтоқсан аралығында шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар және ЖОО дайындық кафедрасына оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бағдарламасымен Эдукологиялық Литва университетінің (Вильнюс, Литва) орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация кафедрасының меңгерушісі доктор **Йовита Русецкая** жұмыс жасайды. Жұмыс жоспарында доктора Й. Русецкая қазіргі таңдағы орыс тілі және шетел студенттері мен магистранттарының орыс тілін дамыту тақырыбында дәріс оқиды және кафедра оқытушыларына шеберлік сағаттарын өткізеді.



